

XXI ҒАСЫР – БІЛІМДІЛЕР ҒАСЫРЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп өмір көшінен қалмай, жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру заманауи мектептердің міндеті екендігіне тоқталған болатын.

Мектеп – келешек ел басқарар, елі мен халқының мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды тәрбиелейтін киелі де қасиеті ұя. Ал сол мектептің негізгі тірегі – білімді де білікті басшы мен ізденімпаз ұстаздар. Жаңалыққа жаны құмар, тың идеялардың жаршысы бола білетін «Жаңа ғасыр» №175 гимназия ұжымы – қай кезде болмасын биікке талпынып, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін алдыңғы қатарлы білім ордасы.

Гимназия 2006 жылы 30 тамызда ашылды. Гимназия ұжымы ашылған уақыттан бастап тынымсыз еңбек пен шығармашылықтың, үлкен ізденістің нәтижесінде біршама жетістіктерге жетіп отыр. Атап айтқанда:

- 2008 жылы Алматы қаласының «Ең таңдаулы мектебі» атағын алды.
- 2012 жылы Қазақстан Республикасының Премьер министрі ұйымдастырған орта білім беретін «Үздік ұйым» конкурсының бас жүлдегері атанып, 13 952 000 грантын ұтып алды.
- 2017 жылы – қаланың «Үздік педагогикалық ұжым» конкурсында I орынды иеленді.
- 2018 жылы – Алматы қаласы Білім басқармасы, республикалық «Exclusive.kz» және «Қалам» инновациялық білім фонды бірлесе отырып жүргізген Алматы қаласы үздік мектептерінің арасында өткізілген рейтинг негізінде «Мерейлі мектеп» атағын алды.



Болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру. Білім сапасын арттырудағы гимназияның басты қағидаты – нәтижеге бағыттай отырып білім беру. Гимназиядағы жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың білім сапасы 78% көрсетіп отыр.



«Ұстаздың абыройы мен мақтанышы – шәкіртінің жемісі мен жеңісінен құралады», – деген сөздің астарында ұтымды ұғым мен салмақты ой жатыр. Себебі әр жыл сайын гимназиямыздың дарынды және қабілетті оқушылары олимпиада мен ғылыми жоба байқауларынан жүлделі орындарды иеленіп, гимназия абыройын асқақтатып жүр. Соңғы бес жылдық көрсеткіш бойынша оқушыларымыз республикалық, қалалық пәндік олимпиадалардан 116, халықаралық, республикалық,



қалалық ғылыми жобалар байқауларынан 161, робототехника, шахмат турнирлерінен 37, спорт және өнер сайыстарынан 289, түрлі республикалық, қалалық сайыстардан 643 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

Жыл бойы білімін шыңдап жетістікке жетіп, нәтиже көрсетіп отырған дарынды, қабілетті оқушылардың барлығы оқу жылының соңында өткізілетін дәстүрлі «Ел болашағы – білімді ұрпақ» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда марапатталып отырады.

Қазіргі уақытта «Жаңа ғасыр» №175 гимназияда инновациялық «Мектептегі шахмат», жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде жүргізу бойынша «Үштілділік» және «Робототехника» пилоттық жобалары эксперимент ретінде жүргізілуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілеттілік. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Бүгінде ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда «Жаңа ғасыр» ұстаздары оқушылардың ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, қабілетін, талантын дамыту жолында өз білімдерін үнемі жетілдіріп отырады.

Жаңашыл мұғалім – заман талабы. Бүгінгі таңда 43 ұстаз үш деңгейлі Назарбаев Зияткерлік және 93 мұғалім жаңартылған білім беру мазмұнына сай курстан өтіп отыр.

Сондай-ақ білім саласына енгізілген жаңа форматтағы аттестациядан 34 ұстаз өтіп, нәтижесінде 10 мұғалім – «Педагог модератор», 8 мұғалім – «Педагог сарапшы», 16 мұғалім – «Педагог зерттеуші» санатын алып отыр. Жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген гимназия ұстаздары оқушылардың сапалы білім алып, шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтарын арттыру мақсатында жан-жақты жұмыстар жүргізуде. Гимназия оқушылары білімді үйреніп қана қоймай, алған білімін үздіксіз дамытып, оны бойына сіңіруде.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындау, ғылыми

ізденіс қабілеттерін қалыптастыруды мақсат еткен жаңашыл гимназия ұжымы Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Білім инновациялық лицейімен қауымдастық құрып, ортақ меморандум негізінде келісім жасасты. Келісімге сәйкес сапалы іс-әрекетке бағытталған бірлескен іс-шаралар үнемі өткізіліп жүр.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкінг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек», – деп қарқынды дамып келе жатқан заманда сандық жүйеге көшудің маңыздылығына тоқталған болатын.

Гимназия ұжымы 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыра отырып, «Цифрлы мектеп» жүйесіне толығымен көшті. Электронды жүйеге көшу мектеп ұстаздары мен оқушыларының бірлесе шығармашылықпен жұмыс жүргізуінің арқасында іске асырылып отыр. «Жаңа ғасыр» №175 гимназиясында 2012 жылдан бастап «Zhanagasyr175.kz» сайты құрылып, жүйелі жүргізіліп отыр.



Сайтта гимназия құжаттары номенклатураға сай жинақталған. Құжаттармен танысу мектептің әр ұстазы, оқушысы және ата-анасы үшін қолжетімді.

Мектеп ішінде жергілікті желілік жүйе арқылы әкімшілік, кафедра, мұғалім және оқушының тығыз байланысы орнатылған. Kundelik.kz, Bilimlend, Enbek.kz сайттары тұрақты жұмыс жасап жатыр.

Гимназияда сондай-ақ техникалық саланың қарқынды дамуына көңіл бөлініп отырады. Жаңаша үлгіде жабдықталған «IT ROOM» техникалық білім зертханасы соның дәлелі. Зертханада оқушылар 3D-Printing пайдалану, Arduino және LEGO роботтарын құрастыру барысында ақпараттандыруды, автоматтандыруды, роботтандыруды және жасанды ақылды қоғамға енгізуді үйренеді.

Қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі, рухани азық іздеген, білімге ұмтылған жас ұрпақ пен ұстаздың табылар жері – кітапхана. Сондықтан бүгінгі кітапханалар алдына пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсету, жаңа технология, бағдарламаларды енгізу, кітапхана қорын насихаттау, ақпараттық ресурстарды құру міндеттері қойылып отыр. Осы орайда, «Жаңа Ғасыр» № 175 гимназияда кітапханасының оқырмандар талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыруда орны ерекше.



Кітапханадағы оқулықтардың электронды нұсқасы, 5000 жуық әдеби кітап, 1700 формуляр «Кабис» бағдарламасы негізінде электронды жүйеге көшірілген. Қазіргі таңда гимназия білім алушыларына компьютер көмегімен электронды кітапханаға шығып, электронды кітаптар оқып, электронды беттерді парақтауға жағдай жасалынып отыр.

Гимназияда 2012 жылы «Сенім» қамқоршылық кеңесі құрылды. Кеңес құрылған уақыттан бастап гимназия ұжымымен тығыз байланыста. Оқу жылының басында кеңес мүшелері қайта бекітіліп, жұмыс жоспары жасалады. Кеңес бүгінгі күні дарынды,

қабілетті оқушыларды, шығармашыл ұстаздарды марапаттауға, гимназияда жүргізіліп жатқан іс-шараларға араласып, қолдап отырады.

Жаңа заман оқушысын оқыту үшін мектеп пен ұстаз жаңашылдықтың көрінісін көрсете білуі шарт. Ол үшін әр мектеп жүйелі жұмыс жүргізумен қатар нарықтық қатынастар мен ақпараттық қоғамның дамуына бейімделген жүйелі жұмыс жүргізе алуы қажет. Күнделікті тәжірибелі іс-әрекеттерге жүйелі білімді негіздей отырып, қоғамға пайдалы тұлғаны тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

**Г. Б. МӘНЕКЕЕВА,
«Жаңа Ғасыр» № 175
гимназия директоры,
Қазақстан Республикасы Білім
беру ісінің үздігі, «Құрмет»
орденінің иегері, педагогика
ғылымдарының кандидаты**



АННОТАЦИЯ ○

Гимназия «Жаңа Ғасыр» – это школа нового типа, которая славится победами своих учеников на районных, городских, республиканских олимпиадах по предметам, городских, республиканских, международных конкурсах. Но преподаватели не останавливаются на достигнутом. Каждый новый учебный год для них несет достижение новых целей, новых высот в воспитании и обучении подрастающего поколения. Об активной жизни гимназии рассказывает директор учебного заведения, Отличник образования Гаухар Манекеева.